

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 4 (2022)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/YWJC7662>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Антикеева С. К., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Костюнина А. А.,

к.п.н., доцент (Республика Алтай)

Оспанова Н. Н.,

к.п.н., доцент

Куанышева Б. Т.

доктор PhD

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/JTZU5413>***А. С. Кельмаганбетова¹, Ш. Мажимаева²**

^{1,2}Қарағанды Бөкетов университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕ БЕЙВЕРБАЛДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС АМАЛДАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бұл мақалада оқытушының кәсіби қызметінде қолданылатын бейвербалды қарым-қатынас амалдары қарастырылады. Сөйлеу педагогикалық қарым-қатынастың негізгі құралы болғанымен, оқытушының бейвербалды қарым-қатынас амалдарын шебер қолдануы оқу материалын тереңірек түсінуге, білім алушылардың зейінін арттыруға және оларды сабақта белсенді етуге ықпал етеді. Ым-ишара, дене қалыбы, визуалды байланыс, дауыс ырғағы, дауыс екпіні, жанасу сынды амалдар кейде сөздерге қарағанда күшті әсер қалдырады. Сөйлеудің мәнерлілігі мен әсерлілігі оқытушының осы бейвербалды қарым-қатынас амалдарын шебер пайдалана білуіне де байланысты. Педагогикалық қарым-қатынаста оқытушының жағымды ым-ишараларды қолдануы маңызды. Бұл оқытушының коммуникативті мәдениетінің деңгейін айтарлықтай арттырып, оқу үдерісіне оң әсерін тигізеді. Мақалада ақпарат тасымалдаудың маңызды арнасы ретінде бейвербалды қарым-қатынас туралы түсінік пен жалпы мағлұмат беріледі. Педагогикалық үдерістің тиімділігіне ықпал ететін бейвербалды қарым-қатынастың негізгі амалдары анықталады. Сондай-ақ кәсіби педагогикалық қызметтегі бейвербалды қарым-қатынас амалдарына (ишара, ым-ишара, проксемика және визуалды байланыс) ерекше назар аударылады, оқу үдерісіндегі бейвербалды қарым-қатынас қызметтері сипатталады. Авторлар кәсіби оқытушы бейвербалды мінез-құлық сигналдарының мағынасын түсініп, оларды оқу-үдерісінде дұрыс қолдана білуі керек деген қорытындыға келеді.

Кілтті сөздер: бейвербалды қарым-қатынас, педагогикалық үдеріс, ым-ишара, проксемика, визуалды байланыс.

Кіріспе

Бейвербалды қарым-қатынас адам өмірінде маңызды орын алады. Ишараттар ауызша тілдің бірліктерінен кем түспейді. Өз ойын анық жеткізу үшін адам қарым-қатынас процесінде әртүрлі амалдарды пайдаланады. Мәселен, қарым-қатынаста вербалды бірліктерден басқа бейвербалды қарым-қатынас амалдарыда қолданылады.

Көбінесе, адам үнсіз болса да, сұхбаттасушыға белгілі бір ақпаратты жеткізеді. Көзқарасқа, ым-ишараға немесе ишараттарға негізделген қарым-қатынас кезінде әңгімелесуші туралы мағлұмат ала алады.

Алғаш бейвербалды амалдарға арналған арнайы зерттеу еңбегі 1872 жылы жарық көрген Ч. Дарвиннің «Эмоцияның адам және жануарларда бейнеленуі» болды. Зерттеуші тілдің шығу тарихы мен ым-ишараның дамуындағы байланыстарды ұштастырады. Ч. Дарвиннің қазіргі «бейвербалды амалдарға» қатысты айтқан тұжырымдары мен бақылауларын бүгінгі күні әлемнің барлық ғалымдары мойындайды. Зерттеуші осы күнгі адамда байқалатын айтайын деген бір ұғымды жеткізуге арналған қозғалыстардың біразы біздің ерте кездегі ата-бабаларымыздың қатынасында елеулі орын алған әрекеттердің қалдығы екендігін айтады [1].

Бейвербалды амалдар туралы көзқарастар, алғашқы ойлар қазақ филологиясының тұңғыш профессоры Қ. Жұбанов еңбегінде де кездеседі.

Ғалым олардың ерекшелігі туралы былай дейді: «Ауызекі сөйленетін сөздердің андай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар. Дыбыстап сөйлеген сөздің олқысы, көбінесе, ыммен толығыады. Тіпті бірінің тілін бірі білмеген я болмаса, бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да, ыммен ылаждап түсінуге болады» [2].

Бейвербалды қарым-қатынас көбінесе бейсаналық түрде туындайды. Вербалды қарым-қатынасты не толықтырып, нығайта алады, не оған қайшы келіп, әлсіретуі мүмкін. Бейвербалды қарым-қатынас көбінесе бейсаналық процесс болғанымен, қазіргі уақытта жақсы зерттелген [3].

Бейвербалды қарым-қатынас адам қызметінің барлық салаларында бар. Бейвербалды қарым-қатынасқытушы үшін де, білім алушылар үшін де маңызды. Сондықтан да тиімді оқу-тәрбие жұмысын қамтамасыз етуде бейвербалды амалдар бірқатар қызмет атқарады [4]:

– сезімдердің сыртқы көрінісі болып табылады және сөйлеуге қарағанда эмоцияны сенімдірек жеткізеді;

– сөздің шынайылығын танытады;

– тұлға аралық қатынастарды білдіреді (экспрессивті функция);

– оқу процесінде жағдайды бақылауға мүмкіндік береді;

– интерактивті әрекеттерді үйлестіреді;

– білім алушылардың назарын аударады және шоғырландырады;
– педагогикалық үдеріске қатысушылар арасында өзара әрекеттестік пен өзара түсіністік орнатады.

Педагогикалық қарым-қатынастың табысты құрамдас бөліктерінің бірі оқытушының білім алушылармен ауызша және бейвербалды қарым-қатынас амалдарын меңгеруі екені анық. Педагогикалық қарым-қатынастың негізгі құралы әлі де сөйлеу болғандықтан, оқытушы қай оқу орнында жұмыс істесе де, тіл мәдениеті жоғары, сөздік қоры бай, дикциясы анық, сөздің экспрессивтік мүмкіндіктері мен интонациялық экспрессивтілігі болуы керек. Дауыс ырғағының қаттылығы, жоғарылығы, тембрі, емпіні да маңызды. Мұның бәрі оқу аудиториясында ерекше атмосфера жасайды. Қатты, жоғары немесе монотонды, күңгірт дауыстарды, сондай-ақ оқытушының сөйлеу жылдамдылығы тым тез болуы қабылдауды қиындатады және жұмыстың тиімділігін төмендетеді [5].

Ауызша қарым-қатынасты сөздің көмегімен ғана елестету мүмкін емес, әсіресе тұлғааралық байланыс мәселесі ерекше өзекті болып табылатын оқу аудиториясында. Өйткені, педагогикалық үдерістің қаншалықты табысты, нәтижелі болатыны соларға байланысты. Мұндай мәлімдеме көптеген зерттеулерге негізделген, оған сәйкес қарым-қатынаста үш негізгі фактор маңызды рөл атқарады, олардың үлесі келесідей болып бөлінеді:

- біз не айтамыз – 7 %;
- біз қалай айтамыз – 38 %;
- м біздің дене тіліміз – 55 % [6].

Ал австриялық жазушы Аллан Пиз өзінің әйгілі «Дене тілі» кітабында әрбір адам ақпараттың 7 % сөзбен келеді, ал қалған 97 % бейвербалды сигналдар арқылы қабылданады деп мәлімдейді [7].

Осы мақалада біз педагогикалық қарым-қатынасқа қатысатын кейбір бейвербалды компоненттерді қарастырамыз. Оқытушы жиі еліктеу үлгісіне айналады, сондықтан оқытушының бейвербалды мінез-құлық мәдениетіне жоғары талаптар қойылуы керек.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде бақылау, сипаттама және сауалнама әдістері қолданылды. Ғылыми зерттеу отандық және шетелдік лингвистер А. Пиз, И. К. Фридман, М. Кордуэлл, И. В. Страхов, Н. В. Фоменко, Ж. Аймауытов және тағы да басқа ғалымдардың еңбектеріне негізделді.

Оқытушының кәсіби іс-әрекетіндегі бейвербалды қарым-қатынас амалдарын және олардың оқу-тәрбие үдерісіне әсерін зерттеу мақсатында Қарағанды медицина университетінің студенттері арасында сауалнама

жүргізілді. Сауалнамаға 40 студент қатысты, қатысушылардың орташа жасы – 19.

Нәтижелер мен талқылау

Оқытушылар әрқашан ым-ишараларды пайдаланады. Мысалы, оқу материалын түсіндіру кезінде немесе құрылғы туралы айтқанда бейнелеуші ым-ишараларын пайдаланады. Осы зерттеуге қатысқан респонденттерге «Сізге оқытушылардың қолданатын ым-ишаралары сөйлеушіні түсінуге көмектеседі ме?» деген сауал қойылды олардың көпшілігі оқытушының ишараттары оларға тілдік элементтерді түсінуге көмектесетінін көрсетті (1 суретті қараңыз). Оқытушы сабақты түсіндіру кезінде ым-ишараны, сөйлеуді немесе екеуін де қолдану керек пе деген сұраққа респонденттердің 94%-ы «екеуін» таңдады (2-сурет).



Сурет 1



Сурет 2

Аудиторияны басқарудың ажырамас бөлігі болып табылатын тағы бір қимыл – бұл нұсқау ишараты, яғни жеке бір студенттен сұрау үшін немесе жеке адамды белгілеу мақсатында қолданылатын ишарат. Оқытушылар үшін білім алушыларға нұсқау тәсілі маңызды емес деп саналады. Бір қызығы, бұл зерттеуде керісінше нәтиже көрсетті. Оқытушылар әдетте, бейсаналы түрде, білім алаушыларға тікелей сұқ саусақпен көрсетеді. Бұл ишарат бірнеше рет қайталанса, білім алушылар бұл қимылға өз қарсылықтарын білдіреді. Осы зерттеуге қатысқан респонденттердің көпшілігі сұқ саусақпен көрсеткенді ұнатпайтынын, бірақ оның орнына ашық алақанмен нұсқағаның қалайтындықтарын айтты (төмендегі 3 суретті қараңыз). Неліктен екенін түсіндіруді сұрағанда, білім алушыларды сұқ саусағымен көрсету олардың бағасын төмендетіп қана қоймай, оқытушының үстемділігі мен менменшілдігін көрсетеді деп мәлімдеді. Ал оқытушының білім алушыларды ашық алақанымен нұсқауы өздеріне көрсеткен құрметі деп қабылдайтындығымен түсіндірді.



Сурет 3

Оқытушы бірегей білім көзі болып саналатын дәстүрлі сабақтарда аудиторияның жоғары жағында отырады немесе тұрады және дәрісін оқиды. Бірақ білім алушыларға көмектесу кезінде немесе олардың сұрақтарына жауап беру үшін оқытушының аудиторияда қозғалуы қажет. Оқытушы аудиторияда болып жатқан барлық нәрсені қамтуы және білуі үшін проксемиканы дұрыс қолдана білу арқылы қол жеткізе алады. Мұндағы ең маңызды ескерту, білім алушылар әдетте оқытушының қол жетімді жерде тұрғанын ұнатады, бірақ оларға тым жақын емес. Осы зерттеуге қатысқан респонденттерге оқытушының «жақын», «алыс» немесе «алыс емес» жерде тұрғанын ұната ма, жоқ па деген сұрақ қойылды. Олардың көпшілігі «алыс емес» дегенді таңдады (төмендегі 4 суретті қараңыз).




Сурет 4

Бұл бастапқыда қарама-қайшы болып көрінуі мүмкін, бірақ олармен сұхбаттасу кезінде білім алушылар оқытушының олардың не істейтініне қызығушылық танытатынын сезіну үшін және олардың сұрақтарына жауап беру үшін оларға жақынырақ тұрғанын қалайтынын айтты. Бірақ оқытушының тым жақын болуын да ұнатпайды, себебі оқытушының естігенін қаламайтын өзара пікірлер мен әзілдер алмасуды ұнататындығымен түсіндіреді. Оқытушының аудиториядағы қозғалысы проксемикамен тығыз байланысты. Жоғарыда айтылғандай, оқытушы аудиторияны басқару үшін аудитория ішінде қозғалуы керек. Аудиториядағы оқытушының қозғалысына респонденттердің реакциясы туралы екі сұрақ қойылды. Біріншісі: «Сізге оқытушының аудиторияда қозғалып жүргенін ұнатасыз ба?». Екіншісі: «Сіз оқытушының аудиторияда қаншалықты жиі қозғалғанын ұнатасыз?» Келесі график респонденттердің көпшілігі оқытушының аудиторияда қозғалғанын ұнататынын көрсетеді, бірақ оқытушының қозғалыс жиілігі олардың назарын аудармауы керек. Сондықтан респонденттердің көпшілігі екінші сұраққа «кейде» деп жауап берді (төмендегі 5,6 суретті қараңыз).



Сурет 5



Сурет 6

Визуалды байланыс және ым-ишарат – бұл бейвербалды қарым-қатынастың екі амалы аудиторияда тиімді өзара әрекеттесу үшін маңызды. Олар аудиторияны басқаруға қатысты бірнеше қызмет атқара алады. Визуалды байланыс аудиторияда қолданылатын бейвербалды қарым-қатынастың маңызды амалы деп айтуға болады, себебі оқытушы мен білім алушылар кез келген сабақты бастамас бұрын бірінші кезекте бір-біріне қарайды. Бұл пікір алмасу кезінде қарым-қатынас үшін қолайлы жағдай жасайды. Аудиториядағы визуалды байланыс үш негізгі қызмет атқарады. Бірінші қызмет – түсінуді тексеру. Осылайша, оқытушылар білім алушылардың түсінгенін тексеретін тиімді әдіс – бұл визуалды байланыс, әсіресе қастардың қимылымен үйлесетін қозғалыстар. Білім алушыларға: «Сіз түсінесіз бе?», – деп сұрау жақсы идея емес сияқты, өйткені олар түсінбесе де, көпшілігі «Иә» деп жауап береді. Бұл жағдайда көзбен байланыс түсінуді тексерудің тиімді әдісі болуы мүмкін.

Әдетте студенттер тақырыпты түсінген кезде көздерін еріксіз жоғары көтереді, ал түсінбеген жағдайда төмен түсіреді. Бұл факт осы зерттеудің нәтижелерімен расталады. Білім алушылардан оқытушыға қашан қарайтындары сұралды, ал көпшілігі «мен түсінгім келгенде» деп жауап

берді (төмендегі 7-суретті қараңыз). Бұл дегеніміз, білім алушылар визуалды байланыс жасамай олар ештеңе түсінбейді. Бірақ олар көзқарасын басқа жаққа аудару арқылы түсіну белгісін береді. Мұнда айта кететін бір маңызды мәселе-көздің өзі түсінуді тексерудің тиімді амалы емес. Түсінудің дәлелін алу үшін оны қас қозғалысымен біріктіру керек.




Сурет 7

Визуалды байланыс білім алушылардың түсінгенін тексеріп қана қоймай оларды ынталандырып қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Оқытушы сабақтың соңына дейін аудиториясының қызығушылығын сақтауы керек. Көптеген білім алушылар оқытушыға қараған кезде мотивацияны сезінеді. Әрине, визуалды байланыс ұзақ болмауы керек, себебі білім алушы бұндай кезде өзін ыңғайсыз сезінуі мүмкін. Респонденттердің пікірінше, оқытушы оларға кейде, бірақ әрқашан емес, қарағанын ұнатады (8-суретті қараңыз). Жауаптарын негіздеуді сұрағанда, кейбір респонденттер тапсырманы орындау кезінде оқытушының оларға қарауын ұнатпайтынын айтты.



Сурет 8

Түсінуді тексерумен тығыз байланысты факт білім алушылар оқытушы оларға қарап тұрғанда, сұрақтарға жауап бергенді ұнатады (9-суретті қараңыз). Білім алушылар әдетте оқытушының олардың жауаптарына қызығушылық танытқанын қалайды және оқытушыдан кері байланыс күтеді. Жауапты тыңдау кезінде мұқият әрі мейірімді көзқарас кері байланысты сақтауға мүмкіндік береді [8].



Сурет 9

Оқыту үдерісінде оқытушының ым-ишаралары маңызды рөл атқарады. Адам туралы ең көп ақпаратты беретін бет бөліктері – қастар мен ауыздың айналасы. Сондықтан оқытушы оларды бақылай білуі керек. Мысалы, материалды түсіндіре отырып, аздап күліп, мандайың және қастарың сәл көтерсе, ақпаратты қабылдау оңайырақ болады. Алайда, көз немесе бет бұлшық еттерінің шамадан тыс қозғалғыштығы немесе ым-ишаралардың статикалық болуы білім алушылармен қарым-қатынас жасауда кедергілер тудыруы мүмкін [10, 11].

Осы зерттеуде респонденттерге қойылған соңғы сұрақ: Сіз оқытушының көңіл-күйін оның дауысы, ым-ишарасы немесе ишараттары арқылы білесіз бе? Респонденттердің көпшілігі оның ым-ишарасынан депжауап берді (10-суретті қараңыз).



Сурет 10

Жоғарыда келтірілген сауалнама нәтижелерібілім алушылардың көпшілігі оқытушының көңіл-күйін тіпті сөйлеуінен гөрі оның ым-ишарасынан байқайтынын көрсетеді. Оқытушы өз көңіл-күйін көрсетуге немесе көрсетпеуге тырысқанымен, білім алушылардың назарынан тыс қалмайтындығын білдіреді. Сондықтан оқытушылар ым-ишараларының білім алушыларға әсерін білуі керек.

Әрине, аудиторияда ым-ишараны оңтайлы пайдалану туралы сұрақ туындайды. Оқытушының толық статикалық табиғаты да, тым белсенді ишараттары да бірдей дәрежеде қажет емес екені анық. И. В. Страхов атап өткендей: «...психологическая неопределенность жестов, их несоответствие

словесно выражаемой мысли, излишество жестов или их отсутствие в необходимых случаях, значительно снижают эффективность педагогической техники» [11].

Әрбір оқытушы өз ісінің кәсіби маманы болуға ұмтылады. Кәсіби оқытушы бейвербалды қарым-қатынас амалдарының мағынасын түсініп, оқу іс-әрекетінде орынды қолдануы керек [12, 13].

Қорытынды

Бім тілі – өміріміздің ажырамас бөлігі. Ол барлық салаларда бар. Біз ымдау тілін жиі байқамай қолданамыз. Ол бізге генетикалық түрде туа біткен және ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, бейвербалды қарым-қатынас амалдары адамдардың күнделікті өмірінде де, кәсіби қызметінде де кеңінен қолданылады деген қорытынды жасауға болады. Олар ақпаратты толықтыра жеткізуге көмектеседі, қарым-қатынас кезінде адамдар сезінетін сезімдерді түсінуге ықпал етеді. Ал оқытушының кәсіби қызметінде бейвербалды қарым-қатынасамалдары өзара әрекеттесуді ұйымдастыру үшін және материалды түсіндіру үшін қолданылады.

Сонымен педагогикалық үдерістегі бейвербалды қарым-қатынас педагогикалық тұрғыдан негізделген, нақты жағдайға сәйкес, оқытушының алдына қойылған міндеттерге сәйкес болуы керек. Осындай жағдайларда ғана оқытушылар мен білім алушылар арасындағы педагогикалық қарым-қатынас, өзара түсіністік, әрекеттестік барынша тиімді болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Дарвин, Ч. О.** Выражении эмоций у человека и животных [Текст]. –СПб. : Питер, 2001. – 384 с.

2 **Аймауытов, Ж.** Психология [Мәтін]. – Алматы : Рауан, 1995. – 312 б.

3 **Аминов, И. И.** Психология делового общения [Текст]. – М. : Омега, 2006. – 304 с.

4 **Чиркова, Е. И.** Функции невербальной коммуникации в педагогическом общении [Текст]. Военный инженер. – 2017. – № 2. – С. 49–54.

5 **Фридман, И. К.** Невербальное взаимодействие учителя со школьниками [Текст]. – Биология в школе. – 1991. – № 4. – С. 19–25.

6 **Поваляева, М. А.** Невербальные средства общения [Текст] / Поваляева М. А., Рутер О. А. – Ростов-на-Дону : Феникс, 2004. – 352 с.

7 **Пиз, Аллан и Барбара.** Новый язык телодвижений [Текст]. – М. : ЭКСМО, 2005. – 416 с.

8 **Кордуэлл, М.** Психология. А-Я.: словарь-справочник / пер. с англ. К. С. Ткаченко [Текст]. – М. : ФАИР-ПРЕСС, 2000. – 448 с.

9 **Фоменко, Н. В.** Воздействие мимики педагога на учащихся в процессе учебно-воспитательной работы [Текст] // Вестник Таганрогского института имени А. П. Чехова. – 2015. – № 2. – С. 203–206.

10 **Крымова, К. С.** Проблема использования невербальных средств общения в профессии учителя [Текст]. / Крымова К. С., Коростелева, Н. А. – Теоретические и прикладные вопросы науки и образования : сборник научных трудов по материалам Международной научно-практ. конф. – Тамбов: Консалтинговая компания Юком, 2015. – С. 110–113.

11 **Страхов, И. В.** Психологические основы педагогического такта : [Текст]. Пособие для студентов пед. ин-тов. – Саратов, 1972.

12 **Гужва, И. В.** Психологические особенности невербального общения в системе «преподаватель-студент» [Текст] // Социально-психологические проблемы ментальности. – 2014. – № 11. – С. 86–91.

13 **Мялкина, Е. В.** Диагностика качества образования в вузе [Текст] // Вестник Мининского университета. – 2019. – Т. 7. – № 3 (28). – С. 4.

REFERENCES

1 **Darvin, Ch. O.** Vyrazhenii emotsii u cheloveka i zhivotnykh [Emotional expressions in humans and animals] [Text]. – St. Petersburg, 2001. – 384 p.

2 **Aimauytov, Zh.** Psikhologiya [Psychology] [Text]. – Almaty : Rauan, 1995. – 312 p.

3 **Aminov, I. I.** Psikhologiya delovogo obshcheniya [Psychology of business communication] [Text]. – Moscow : Omega, 2006. – 304 p.

4 **Chirkova, E. I.** Funktsii neverbalnoi kommunikatsii v pedagogicheskom obshchenii [Functions of non-verbal communication in pedagogical communication] [Text] // Voennyi inzhener. – 2017. – № 2. – P. 49–54.

5 **Fridman, I. K.** Neverbalnoe vzaimodeistvie uchitelya so shkolnikami [Non-verbal interaction between teacher and students] [Text] // Biologiya v shkole. – 1991. – № 4 – P. 19–25.

6 **Povalyaeva, M. A.** Neverbalnye sredstva obshcheniya [Non-verbal means of communication] [Text] / Povalyaeva M. A., Ruter O. A. – Rostov-na-Donu : Feniks, 2004. – 352 p.

7 **Piz, Allan i Barbara.** Novyi yazyk telodvizhenii. [Body Language] [Text]. – Мшчышц : EKSMO, 2005. – 416 p.

8 **Korduell, M.** Psikhologiya. A-Ya. [Psychology. A-Z] slovar-spravochnik/ per. s angl. K. S. Tkachenko [Text]ю – Moscow : FAIR-PRESS, 2000. – 448 p.

9 **Fomenko, N. V.** Vozdeistvie mimiki pedagoga na uchaschikhsya v protsesse uchebno-vospitatelnoi raboty [The impact of the teacher's facial

expressions on students in the process of educational work] [Text] // Vestnik Taganrogskogo instituta imeni A. P. Chekhova. – 2015. – № 2. – P. 203–206.

10 **Krymova, K. S.** Problema ispolzovaniya neverbalnykh sredstv obshcheniya v professii uchitelya [The problem of using non-verbal means of communication in the teaching profession] [Text] / Krymova K. S., Korosteleva, N. A. // Teoreticheskie i prikladnye voprosy nauki i obrazovaniya: sbornik nauchnykh trudov po materialam Mezhdunarodnoi nauchno-prakt.konf. – Tambov : Konsaltingovaya kompaniya Yukom, 2015. – P. 110–113

11 **Strakhov, I. V.** Psikhologicheskie osnovy pedagogicheskogo takta [Psychological foundations of pedagogical tact] [Text]. Posobie dlya studentov ped. in-tov. – Saratov, 1972.

12 **Guzhva, I. V.** Psikhologicheskie osobennosti neverbalnogo obshcheniya v sisteme «prepodavatel-student» [Psychological features of non-verbal communication in the «teacher-student» system] [Text] // Sotsialno-psikhologicheskie problemy mentalnosti. – 2014. – № 11. – P. 86–91.

13 **Myalkina, E. V.** Diagnostika kachestva obrazovaniya v vuze [Diagnostics of the quality of education at the university] [Text] // Vestnik Mininskogo universiteta. – 2019. – Т. 7. – № 3 (28). – P. 4.

Материал 14.12.22 баспаға түсті.

*А. С. Кельмаганбетова¹, Ш. Мажитаева²

^{1,2}Қарағандинский университет имени Е. А. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 14.12.22.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НЕВЕРБАЛЬНЫХ СРЕДСТВ КОММУНИКАЦИИ В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ПРОЦЕССЕ

В данной статье рассматриваются невербальные способы общения в профессиональной деятельности преподавателя. Хотя речь является основным средством педагогического общения, умелое использование преподавателем невербальных средств общения способствует более глубокому пониманию учебного материала, повышению внимания обучающихся и сделать их более активными на занятиях. Такие приемы, как жесты, мимика, поза, визуальный контакт, тон голоса, интонация, прикосновения иногда производят более сильное впечатление, чем слова. Выразительность и эффективность речи зависит и от умения преподавателя

умело использовать эти средства невербальной коммуникации. В педагогическом общении важно, чтобы преподаватель использовал позитивную мимику. Это значительно повышает уровень коммуникативной культуры педагога и положительно влияет на учебный процесс. В статье раскрывается понятие и общие сведения о невербальной коммуникации как важнейшем канале передачи информации. Выявляются основные средства невербальной коммуникации, способствующие эффективности педагогического процесса. Особое внимание уделено невербальным средствам в профессиональной педагогической деятельности (мимика, жесты, проксемика и визуальный контакт), а также описываются функции невербального общения в учебном процессе. Авторы приходят к выводу, что профессиональный педагог должен понимать смысл невербальных сигналов поведения и адекватно использовать их в учебной деятельности.

Ключевые слова: невербальная коммуникация, педагогический процесс, жесты, проксемика, визуальная коммуникация.

**A. S. Kelmaganbetova¹, Sh. Mazhitayeva²*

*^{1,2}Karaganda Buketov University,
Republic of Kazakhstan, Karaganda.
Material received on 14.12.22.*

THE EFFECTIVENESS OF USING NONVERBAL COMMUNICATION TECHNIQUES IN THE PEDAGOGICAL PROCESS

The article considers the means of nonverbal communication in the professional activity of a teacher. Although speech is the main means of pedagogical communication, the teacher's skillful use of non-verbal communication means contributes to a deeper understanding of the educational material, increasing the attention of students and making them more active in the classroom. Gestures, facial expressions, posture, visual contact, tone of voice, intonation, touch sometimes make a stronger impression than words. The expressiveness and effectiveness of speech also depends on the ability of the teacher to skillfully use these means of nonverbal communication. In pedagogical communication, it is important that the teacher uses positive facial expressions. This increases the level of the teacher's communicative culture significantly and has a positive effect on the learning process. The article reveals the concept and general

information about non-verbal communication as the most important channel of information transmission. The main means of non-verbal communication that contribute to the effectiveness of the pedagogical process are determined. Particular attention is paid to non-verbal means in professional pedagogical activity (facial expressions, gestures, proxemics and visual contact), and the functions of non-verbal communication in the educational process are described. The authors come to the conclusion that a professional teacher should understand the meaning of non-verbal signals of behavior and adequately use them in educational activities

Keywords: nonverbal communication, pedagogical process, gestures, proxemics, visual communication.

Теруге 14.12.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,79 Мб RAM

Шартты баспа табағы 25,2.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исақова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 3997

Сдано в набор 14.12.2022 г. Подписано в печать 30.12.2022 г.

Электронное издание

3,79 Мб RAM

Усл.п.л. 25,2. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исақова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 3997

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz